



"KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2018 – 2027 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 900 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 790 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2018 – 2027 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 900 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2018 – 2027 жылдарға арналған даму стратегиясында:

"Ағымдағы жағдайды талдау" деген бөлімде:

"1.1. Сыртқы ортаны талдау" деген кіші бөлімде:

"Ирландия" деген тараудың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлемдегі инновациялық алыптардың Ирландияның бизнес кеңістігінен орын алуы стартаптар мен венчурлық капиталдың ауқымды қоғамдастығының құрылуына әкелді. Стартаптардың экожүйесі әлемдік жетекші IT компаниялармен көрші болудың артықшылығын, өз бизнестерін интернационалдандыру мен коммерцияландыру үшін жолға қойылған жүйені пайдаланады және Еуропа мен Америка нарықтарына тікелей қол жеткізеді.";

"Қазақстан Республикасындағы қаржылық қолдау құралдарының картасы" деген тараудың он үшінші бөлігі алып тасталсын;

"Қазақстандағы инвестициялық преференциялар" деген тарауда:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан заңнамасына сәйкес инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – ҚР СІМ) болып табылады.";

он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші және он бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық жоба бойынша (оның ішінде инвестициялық басым жобаға) инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі:

- 1) кедендік баждар және импортқа қосылған құн салығын салудан босату;
- 2) мемлекеттік заттай гранттар.

Инвестициялық басым жоба бойынша салықтар бойынша преференциялар (бұдан әрі – инвестициялық басым жоба үшін инвестициялық преференциялар) беріледі.

Арнайы инвестициялық жоба бойынша инвестициялық преференциялар (бұдан әрі – арнайы инвестициялық жоба үшін инвестициялық преференциялар):

1) кедендік әкелу баждарын;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтар салудан босату түрінде беріледі.

Инвестициялық преференцияларды алу үшін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға инвестициялық преференциялар беруге өтінім және өтінім берушінің белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды жібереді.

Инвестициялық преференциялар инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мен инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы арасында жасалған инвестициялық келісімшарт негізінде беріледі.";

"1.2. KAZAKH INVEST-тің ішкі ортасын талдау" деген кіші бөлімде:

"Мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттары" деген тарау мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына сәйкес өңірде тікелей шетелдік инвестицияларды тарту көлемі бойынша көшбасшылықты, сондай-ақ ТМД және Шығыс Еуропа елдері арасында жан басына шаққанда тікелей шетелдік инвестицияларды тарту көлемі бойынша көшбасшылықты сақтау жөніндегі стратегиялық міндетке қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында Компанияның қызметі шет елдердегі қазақстандық елшіліктер мен өкілдіктерден бастап инвесторлармен өңірлік деңгейде жұмыс істеуге дейінгі тізбекті қамтитын инвестицияларды тартудың "өтпелі" жүйесіне интеграцияланатын болады.";

"IT-қамтамасыз ету" деген тараудың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұдан басқа, электрондық құжат айналымы жүйелерін интеграциялау, сондай-ақ " бір терезе" қағидаты бойынша жұмыс істеу арқылы KAZAKH INVEST пен ҚР СІМ арасындағы сапалы және тиімді өзара іс-қимылға ерекше назар аударылатын болады. Сонымен қатар инвестициялық жобалармен жұмыс істеу шеңберінде KAZAKH INVEST-те контрагенттерді IT сервистердің оңтайлы жиынтығымен және сапасымен қамтамасыз ету бойынша IT функциялардың тиімділігі жоғарылатылады.";

"SWOT-талдау" деген тараудың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Саяси және құқықтық оң факторлардың қатарына Үкіметтің кәсіпкерлікті дамыту және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мәселелеріне баса назар аударуы жатады. Бұдан басқа, елде инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған Ұлттық инвестициялық стратегияда басты назар экспортқа бағдарланған шикізатқа қатысты емес секторларға ТШИ тартуға бағытталған. Осылайша, Компания стратегиясы Ұлттық

инвестициялық стратегияны толықтырады. Бұдан басқа, даму институттарымен тиісті өзара іс-қимыл және уәкілетті органның (ҚР СІМ) қолдауы синергия үшін және инвесторларға қолдау құралдарының кешенді жиынтықтарын ұсыну үшін мүмкіндіктер ашады.";

"2. Миссия, пайымы және қызметтің стратегиялық бағыттары" деген бөлімде:

2.2-кіші бөлімде:

"Шетелдік инвестициялар" деген қызметтің 1-стратегиялық бағытында:

тақырыптың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

"Инвестициялар тарту кезеңдері" деген 2-3-сурет осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

"Күтілетін нәтижелер" деген тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"Күтілетін нәтижелер

Қызметтің 1-стратегиялық бағытының түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижесінде елімізге өңдеуші секторға кемінде 91 ТҰК тартылып, экономиканың басым салаларында "зәкірлік инвесторлармен" бірлескен 28 кәсіпорын құрылады. Шетелдік инвестицияларды МЖӘ жобалары белсенді тарту 3,3 млрд долл. сомасына 55 жобаны іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, шетелдіктер қатысатын шикізатқа қатысты емес секторларда енгізілетін жобалардың саны 45 бірлікке дейін ұлғайтылатын болады.";

"Инвестициялық ахуал" деген қызметтің 2-стратегиялық бағытында:

"Қазақстанда инвестициялық ахуалды жақсартуға жәрдемдесу" деген 3-мақсатта тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"2-мақсат. Қазақстанда инвестициялық ахуалды жақсартуға жәрдемдесу";

"Қазақстанның инвестициялар саласындағы заңнамасын жетілдіруге жәрдемдесу" деген 1-міндеттің "Инвестициялық бастамаларды қолдау бойынша KAZAKH INVEST қызметіндегі кедергілерді жою" деген тарауы бірінші бөліктен кейін мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"KAZAKH INVEST базасында "Task Force" жеке арнайы бөлімшесі құрылады, ол әлеуетті инвесторлармен жұмысқа жаңа тәсілдерді енгізіп, инвестициялық жобаларды сүйемелдеуді күшейтетін болады. Бұл ауқымды қаржы ресурстарына ие стратегиялық қана емес, сондай-ақ институционалдық инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.";

"Компанияның ұйымдастырушылық әлеуеті" деген қызметтің 3-стратегиялық бағытында:

"Компания қызметінің ішкі және сыртқы ортасының тиімді өзара іс-қимыл жүйесін құру" деген 3-мақсатта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Компанияның ұйымдастырушылық әлеуетін жетілдірмейінше, Компания қызметінің мақсаттарына қол жеткізу мүмкін емес. Осы бағыт шеңберінде біз 5 міндетті бөлеміз:";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) инвесторлармен жұмыс рәсімдерін регламенттеу;";

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) нәтижеге бағдарланған корпоративтік мәдениетті дамыту және адами ресурстардың әлеуетін арттыру.";

"Компания өкілеттіктерінің шетелдік желісін кеңейту" деген 1-міндеттің бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлемдік тәжірибе инвестицияларды тарту жұмысының тиімді болуы үшін әлеуетті инвесторлармен олар тұрып жатқан елдерде жұмыс жүргізу қажеттігін көрсетеді. Шетелдік өкілеттіктер мен өкілдер әлеуетті шетелдік инвесторларды бастапқы сәйкестендіру, үкіметтік, үкіметтік емес және корпоративтік секторлардың әртүрлі компанияларымен іскерлік байланыстар орнату, өзара ынтымақтастық туралы алдын ала келісімге қол жеткізілген шетелдік компаниялармен инвестиция тарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізу, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін технологиялар мен бизнес өнімдерді, оның ішінде халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдары беретін қаржы ресурстарын іздеу, әлеуетті инвесторларға ақпараттық консультациялық қолдау көрсету жөніндегі фронт-офис рөлін атқарады. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерімен және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері жанындағы инвестициялар жөніндегі халықаралық кеңесшілер желісімен тығыз байланыста орындалады, ең соңында бизнес-қоғамдастықта Қазақстанға инвестициялаудың әлеуетті мүмкіндіктері туралы оң түсінік қалыптастырылады.";

мынадай мазмұндағы 5-міндетпен толықтырылсын:

"5-міндет. Нәтижеге бағдарланған корпоративтік мәдениетті дамыту және адами ресурстардың әлеуетін арттыру

Стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін тиімді корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және меритократияның негізін қалаушы қағидаттарын енгізу есебінен KAZAKH INVEST-те персоналды дамыту жөніндегі үздік тәжірибелерді қолдану қамтамасыз етіледі.

KAZAKH INVEST кадр саясаты озық дағдылары мен құзыреттері бар біліктілігі жоғары кадрларды тартуға, оқытуға және ұстап қалуға бағытталатын болады. KAZAKH INVEST кадр саясатының негізгі бағыттары: еңбек ресурстарының сапасын арттыру, еңбек тиімділігін басқару, корпоративтік мәдениетті дамыту, ұйымдық құрылымды басқару және бизнес-процестерді тиімді ұйымдастыру болып табылады.

Тұрақты негізде корпоративтік басқарудың Қазақстан Республикасы заңнамасының, KAZAKH INVEST ішкі құжаттарының талаптарына және тиісті рейтингтер бере

отырып, корпоративтік басқарудың халықаралық практикасына сәйкестігіне диагностика жүргізілетін болады. Бұдан басқа, корпоративтік басқаруды бағалау (қажет болған жағдайда тәуелсіз бағалау) кезең-кезеңмен (үш жылда бір реттен кем емес) жүргізіледі, оның нәтижелері KAZAKH INVEST интернет-ресурсында орналастырылады.

Алынған нәтижелер негізінде корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру жөніндегі негізгі салалар және қажетті шаралар айқындалатын болады.";

"Күтілетін нәтижелер" деген тарау мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"KAZAKH INVEST-тің ішкі әлеуетін дамыту туралы объективті ақпарат алу мақсатында корпоративтік дамуды бағалау жүргізіледі.";

"KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2018 – 2027 жылдарға арналған даму стратегиясына 1-қосымшада:

"I. Жалпы ережелер" деген бөлімде:

2-тармақта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) жергілікті компаниялармен өндіру-өткізу байланыстарын орнату бойынша шетелдік инвесторларды сервистік қолдау туралы келісімдер;"

мынадай мазмұндағы 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) корпоративтік басқару жүйесінің рейтингі;

15) шетелдіктер қатысатын шикізатқа қатысты емес секторларда енгізілетін жобалардың санын ұлғайту.";

"II. "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ 2018 – 2027 жылдарға арналған даму стратегиясына енгізілген көрсеткіштерді енгізу негіздемесі және есептеу әдістемесі" деген бөлімде:

"2. "Басым секторларда "зәкірлік инвесторлармен" бірге құрылған кәсіпорындар саны" көрсеткіші" деген кестедегі "Ақпарат көзі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ақпарат көзі	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік деректері, "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ деректері
--------------	--

";

"3. "Шетелдік инвесторлардың қатысуымен мәлімделген жобалар" көрсеткіші" деген кестедегі "Ақпарат көзі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ақпарат көзі	"KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ деректері
--------------	----------------------------------

";

"4. ТШИ-дің қатысуымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары" көрсеткіші" деген кестедегі "Ақпарат көзі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ақпарат көзі	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің әкімшілік деректері, "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ деректері
--------------	--

";

"5. "Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына жасалатын инвестициялардың өсуі" көрсеткіші" деген кестеде:

"Негіздеме" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Негіздеме	1) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 28 желтоқсандағы № 954 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2020 – 2024 жылдарға арналған стратегиялық ж о с п а р ы ; 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
-----------	---

";

"Ақпарат көзі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ақпарат көзі	Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері
--------------	---

";

"6. АЭА аумақтарындағы кәсіпорындардың негізгі капиталына жасалатын инвестициялар көлемінің өсуі ("НИНТ", "Тараз Химия паркі", "Қорғас-Шығыс қақпасы" АЭА есепке алмағанда)" көрсеткіші" деген кестеде:

"Негіздеме" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Негіздеме	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 28 желтоқсандағы № 954 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2020 – 2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары.
-----------	--

";

"Ақпарат көзі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ақпарат көзі	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің әкімшілік деректері
--------------	---

";

"7. Инвестициялық ахуалдың қолайсыз жағдайларына байланысты Қазақстан нарығынан кеткен шетелдік инвесторлар" көрсеткіші" деген кестедегі "Ақпарат көзі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ақпарат көзі	"KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ деректері
--------------	----------------------------------

";

"9. Инвесторлардың сенім деңгейі" көрсеткіші" деген кестедегі "Ақпарат көзі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ақпарат көзі	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік деректері, "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ деректері
--------------	--

";

"10. CRM жүйесі шеңберінде инвесторлардың өтініштері бойынша олардың пайдасына шешілген мәселелердің үлесі" көрсеткіші" деген кестеде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"10. "IRM жүйесі шеңберінде инвесторлардың өтініштері бойынша олардың пайдасына шешілген мәселелердің үлесі" көрсеткіші";

"Есептеу формуласы (тәртібі)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Есептеу формуласы (тәртібі)	$A = \frac{B * 100}{C},$	м ұ н д а ғ ы
	А – IRM жүйесі шеңберінде инвесторлардың өтініштері бойынша олардың пайдасына шешілген мәселелердің үлесі; В – IRM жүйесі шеңберінде инвесторлардың өтініштері бойынша олардың пайдасына шешілген мәселелердің саны; С – IRM жүйесі шеңберінде инвесторлар өтініштерінің жалпы саны. Есепке инвесторлардың мына себептерден туындайтын өтініштері алынады: 1) мемлекеттің инвесторлардың құқықтарын қорғау бойынша өзінің негізгі функцияларын тиісінше орындамауы; 2) мемлекеттік органдар қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері; 3) мемлекеттік органдар ұсынатын көрсетілетін қызметтер сапасының төмен деңгейі.	

";

"12. Әлеуетті инвесторлар үшін дайын инвестициялық ұсыныстар" көрсеткіші" деген кестедегі "Ақпарат көзі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ақпарат көзі	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік деректері, "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ деректері
--------------	--

";

мынадай мазмұндағы "14. Корпоративтік басқару жүйесінің рейтингі" көрсеткіші" деген кестемен толықтырылсын:

"

14. "Корпоративтік басқару жүйесінің рейтингі" көрсеткіші	
Қалыптастырудың кезеңділігі және мерзімдері	Үш жылда бір рет, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырына қарай
Негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары

Есептеу формуласы (тәртібі)	Корпоративтік басқару рейтингінің көрсеткішін үш жылда бір рет шарттық негізде тартылатын тәуелсіз ұйым береді.
Ақпарат көзі	Тәуелсіз ұйым деректері

";

мынадай мазмұндағы "15. "Шетелдіктер қатысатын шикізатқа қатысты емес секторларда енгізілетін жобалар санын ұлғайту" көрсеткіші" деген кестемен толықтырылсын:

"

15. Шетелдіктер қатысатын шикізатқа қатысты емес секторларда енгізілетін жобалар санын ұлғайту" көрсеткіші	
Қалыптастырудың кезеңділігі және мерзімдері	Жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына қарай
Негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары
Есептеу формуласы (тәртібі)	Шетелдіктер қатысатын шикізатқа қатысты емес секторларда енгізілген ж о б а л а р д ы ң с а н ы Есепті кезеңде жобаның іске қосылуы туралы жергілікті атқарушы органның хатымен жіберілген ақпаратта қоса берілген жоба енгізілген болып есептеледі.
Ақпарат көзі	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік деректері, "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ деректері

";

"KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2018 – 2027 жылдарға арналған даму стратегиясына 3-қосымшада:

"KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ 2018 – 2027 жылдарға арналған даму стратегиясында айқындалған KAZAKH INVEST қызметінің түйінді көрсеткіштері" деген кестеде:

"Тікелей шетелдік инвестициялардың қатысуымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары" және "Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына жасалатын инвестициялардың өсуі" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

Тікелей шетелдік инвестициялардың қатысуымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары	Жиынтық саны/ млрд АҚШ долл.	3/ 0,5	5/ 0,7	15/ 1,0	20/ 1,5	30/ 1,8	35/ 2,1	40/ 2,4	45/ 2,7	50/ 3,0	55/ 3,3
Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына жасалатын инвестициялардың өсуі	2019 жылғы деңгейден нақты өсу %-ы			4,4	7,8	24,2	44,5	66,5	79,5	89,5	99,5

";

"Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына жасалатын инвестициялардың өсуі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Шетелдіктер қатысатын шикізатқа қатысты емес секторларда енгізілетін жобалардың санын ұлғайту	Саны	30	35	40	45	45	45	45
---	------	----	----	----	----	----	----	----

";

"KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ CRM жүйесі шеңберінде инвесторлардың өтініштері бойынша олардың пайдасына шешілген мәселелердің үлесі" деген жолдың "ПӘК" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ IRM жүйесі шеңберінде инвесторлардың өтініштері бойынша олардың пайдасына шешілген мәселелердің үлесі";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Корпоративтік басқару жүйесінің рейтингі	Бірл.							1			1
--	-------	--	--	--	--	--	--	---	--	--	---

".

;

"Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы" деген кестенің "ИДМ" деген жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

СІМ	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
-----	---

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 5 қарашадағы
№ 790 қаулысына
қосымша

2-2-сурет. Инвестициялар тарту кезеңдері

